# *«Балапан» ортаңғы тобының циклограммасы*

*I - тоқсан*

**Циклограмма**
**Бір аптаға 3.09.2018-7.09.2018.**
**Тәрбиеші: Н.Б.Сулейменова, Г.Е.Байжанова**
**Ортаңғы топ. Өтпелі тақырып «Балабақша»**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 3 | Сейсенбі 4 | Сәрсенбі 5 | Бейсенбі 6 | Жұма 7 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу** | Ата-аналарды, балаларды жақсы көңіл – күймен қарсы алу, күн тәртібімен таныстыру | Ата-аналарға балабақшада қажетті киімдер (пижама, топтын ішінде киетін аяқ киім және тарақ, беторамал керектігін ескерту) | Балаларды киімдерін шкафқа реттеп жинауды ескертіп, үйрету. | Ата-аналармен балалардың ең сүйікті ойыншық туралы әңгімелесу. | Ата-аналармен баланың балабақшаға бейiделуі туралы әңгімелесу |
| **Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)** | «Моншақтарды тізу» Балалардың түстер туралы білімдерін бекіту, қиялын дамыту, саусақтардың қимылын жетілдіру. | «Не артық?» Қима суреттердің артық бөліктерін табу, есте сақтауды дамыту. | Үстел үсті ойыны пазл: Балалармен балабақша туралы әңгімелесуге үйрету | «Ойыншықты тап» Мақсаты: Кеңістікті бағдарлай білуге үйрету | «Ойыншық өзі туралы не айтады?» Мақсаты: Балаларды заттардың өзіне тән өзгеше ерекшеліктерін сипаттауға үйрету; сөйлеу, тыңдау қабілетін дамыту. |
| **Таңертеңгілік гимнастика** | Таңғы жаттығулар №1 кешен | | | | |
| **Таңғы ас** | Топқа жаңа қосылган балалардың асты тауысып ішу дағдыларын қалаптастыру | Дастарханның басында, Әдеттен біз озбаймыз. Үлкендердің қасында, Қолды бұрын созбаймыз. Тамақ ішер кезде енді, Сөйлемейміз | Нан -ардақты асыл ас, Кәрі,жас одан аттамас. Ақ дастархан үстінде, Қол жумай оны ұстамас. | Дастархан басында әдептілік пен тазалық сақтап отырып ас ішуге баулу. | Ботқаның, дәрумендердің дұрыс тамақтанудың және т.б. балалардың денсаулығына пайдасы туралы әңгімелесу, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | күлмейміз.<br>Астан басқа өзгені елемейміз білмейміз | | | |
| **Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық** | «Мен бастаймын сен аяқта» таныс тақпақтарды еске түсіру. | «Жейды-жемейды»ойыны | Таза ауаның денсаулыққа пайдасы туралы әңгімелесу. | Адамның дене мүшелері туралы жұмбақтар шешу. | Жеміс – жидектер туралы әңгімелесу. |
| **Ұйымдастырылған оқу - қызметтері** | **1.Орыс тілі.**<br>**«Мой детский сад»**<br>**Цель занятия:**<br>Учить детей понимать вопросы на русском языке и давать правильные ответы; обучать правильному произношению гласных и согласных звуков русского языка; углубить знания об окружающих предметах; формировать навыки использования в речи имен существительных ед.и мн. чисел.<br>**Р/у: «О ком я рассказываю?»**<br>Цель: Узнать и назвать работника д/с на русском языке. Ответить на | **1.ҚМҰҚ.**<br>**Тақырыбы:** «Бір және көп. Үлкен және кіші»<br>**Мақсаты:**<br>Заттарды санына қарай салыстыру, бір зат пен көп затты айыру қабілетін нығайту; санаудың дұрыс тәсілдерін қолдана отырып, заттарды санау ( 2 саны көлемінде); солдан оңға қарай санау, сандарды ретімен атау, сан есімді зат есіммен сәйкестендіру; екі топтағы заттарды бір-бірімен салыстыру , оларды теңестіру; таныс заттарды көлеміне қарай (үлкен , кіші ) салыстыру, оларды сол белгіліеріне қарай біріктіру; жұмбақты көрген | **1.Сөйлеуді дамыту.**<br>**Тақырыбы:** «Сүйікті балабақшам»<br>**Мақсаты:**<br>«Сүйікті балабақшам» тақырыбында балалардың пікірін тыңдау. Балаларды бір-бірімен,балабақшамен таныстыруды жалғастыру.<br>Балаларды тыңдай және түсіне білуге, тез қабылдауға баулу.<br>Тілін дамыту.<br>Сыпайлыққа тәрбиелеу.<br>**«Балабақша ішіне саяхат» ойыны**<br>Мақсаты:<br>Балабақшадағы бөлме атауларын дұрыс айтуды үйрету.<br>Қызметкерлер мен таныстыру.<br>Балабақша және қызметкелер туралы тақпақтар айтқызу арқылы | **1.Сурет салу**<br>**Тақырыбы**:«Менің тобымдағы шеңбер пішінді заттар»<br>**Мақсаты:**Топ бөлмесіндегі шеңбер пішінді заттардың суретін салуды үйрету.<br>қылқаламмен жұмыс істеуді; шығармашылық қабілеттерін, ой-қиялын дамыту, байқағыштығы мен көз мөлшерін, қолдың қимыл-қозғалыс үйлесімділігін қалыптастыру, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Д/О:«Қандай пішін?»**<br>**Мақсаты:**Балабақша бөлмесінен шеңбер пішініне ұқсас ойыншықтардың, заттардың аттары мен белгілерін | **1.Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы:**<br>«Балабақша ауласындағы түрлі түсті шарбақ»<br>**Мақсаты:**<br>Шарбақ туралы түсінік беру.<br>Түстер туралы білімдерін бекіту.<br>Саусақ пен алақан қозғалыстарын пайдалану арқылы ұсақ қол қимылдарын дамыту.<br>Еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.<br>Әдіс-тәсілдері:түсіндіру, көрсету,<br>ойын «Қоршау»<br>Мақсаты: Үй жануарлары туралы білімдерін толықтыру.<br>Үй жануарларына шарбақтарды пайдаланып қоршау жасауды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | вопрос «Что он делает на работе?».<br>**2.Дене шынықтыру**<br>«Сапта жүру»<br>Мақсаты:<br>Сапта бір-бірлеп жүру және жүгіруді үйрету.<br>Сызықтар арасымен (15 см арақашықтық) тепе-теңдікті сақтап жүруге талпындыру.<br>Балаларды алғырлыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу<br>**Қ/О: «Қуыршақтарға қонаққа бару»**<br>Мақсаты:**Ұйымшылдыққа** тәриелеу,кеңістікті бағдарлау қабілеттерін дамыту. | мәліметтер негізінде шешуге үйрету.<br>Әдіс-тәсілдері: түсіндіру,салыстыру көрсету,сұрақ-жауап,<br>**«Артық» ойыны.**<br>Мақсаты: Тәрбиеші үш заттың атын айтып тұрып, допты балалардың біреуіне лақтырады. Балалар айтылған үш заттың қайсысы артық екенін айтуға үйрету. Ойлау қабілетін дамыту.<br>**2.Экология негіздері.**<br>**Тақырыбы**:<br>Бала-бақша ауласындағы күзгі ағаштарды бақылау.<br>Мақсаты**:**<br>Күзгі табиғатты бақылау кезінде қарапайым өзгерістерді атай білуге және өздерінің сезімдері туралы әңгімелеуге үйрету. Терек және үйеңкі ағашымен таныстыру. Терек және үйеңкі ағашының жапырақтары мен дінінің ерекшелігіне қарап | бүлдіршіндердің тілін дамыту. Үлкендердің еңбегін бағалауға тәрбиелеу.<br>Әдіс-тәсілдері:саяхат ұйымдастыру, сұрақ-жауап, тақпақ жаттау Қалабай Ильяс<br>«Балабақша базарлы үй,<br>Ауылдағы ажарлы үй<br>Күлкісі бар шуақты,<br>Өз үйім сияқты.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**«**Екі аяқпен секіріп тұру»<br>**Мақсаты:** Алаңда тепе-теңдік сақтап жүруге үйрету. Ойындарды ойнауға және жаттығуларды орындауға қызығушылықтарын арттыру. Алаңға қарай екі аяқпен секіріп тұруға үйрету. Балаларды алғырлыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Қ/О:**«Ақ серек-көк серек»**<br>Мақсаты: екі топқа бөлініп ойнауды үйрету, қарсы жақтың құрсауын үзіп, өз жағына көбірек ойыншы алып қайтуға | балалармен бірге анықтауға баулу.<br>Есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>**2.Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:**«Балабақша ауласындағы гүлдер»<br>**Мақсаты:**<br>Балабақша ауласындағы гүлдерді бақылап, күтім жасауды үйрету (қопсыту, суару).<br>Табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру, қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.<br>Әдіс-тәсілдері: бақылау, әңгімелеу, сипаттау, д/о «Түсінен ажырат»<br>Мақсаты:гүлдерді түсінен ажыратып, атауды үйрету<br>**3.Музыка.**<br>**Ән тыңдау:** «Біз бақытты баламыз» (Е. Хасанғалиев, Қайрат Жұмағалиев)<br>Ән айту: «Балдырған» әні(А.Асанов; Р. Архабаев)<br>Музыкалық ырғақты қимыл: «Калинка» | көрсету,қамқор болуға баулу.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы**:Бөренenің үстінде жүру<br>**Мақсаты:**Бөренені ң үстінде жүруді үйрету.<br>Допты лақтыру және допты қағып алу дағдыларын дамыту.<br>Ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>**«Күн мен жаңбыр» ойыны.**<br>Мақсаты: Көңілді ойнап жүріп, белгі берісімен қолшатыр астына кіруге үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | басқа ағаштардан ажыратып, атай білуге үйрету.<br>Әдіс-тәсілдері:саябаққа саяхат ұйымдастыру, Күзгі ағаштарды, жапырақтарды бақылау, салыстыру, ажырату. Сұрақ-жауап<br>**Ойын: «1,2,3 ағашқа қарай ұш»**<br>Мақсаты:<br>Жаңылыспау, есте сақтау қабілеттерін дамыту, шапшаңдылыққа тәрбиелеу | баулу. Хормен қосыла ән айтуға тәрбиелеу.<br>**3.Драма**<br>**Тақырыбы**:<br>«Кел, танысайық!»<br>**Мақсаты:**Қарым-қатына әдебінің қарапайым нормаларын меңгерту, сөз байлығын, сөйлеу дағдыларын жетілдіру, өзіне деген сенімділікті, басқалардың пікірін тыңдай білу, сөздегі дыбыстарды анық, дұрыс айту, диалогпен сөйлесе білу дағдыларын қалыптастыру, достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.<br>Әдіс-тәсілдері:<br>ғажайып сәт «Қуыршақ Әйгерім қонаққа келеді» сұрақ-жауап,<br>ойын жаттығу:<br>«Таныс болайық»<br>Мақсаты: Өз есімдерін дұрыс айтуға үйрету. Есте сақтау қабілеттерін дамыту. Есімдерін дауыста және кезекпен айтуға тәрбиелеу,мадақтау | биі<br>**Мақсаты:**Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдауды, бірдей қарқында ән салуға, бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын игеруді үйрету.<br>**Д/О: «Бес саусақ»**<br>Мақсаты: балардың саусақ бұлшық еттерін дамыта отырып саусақ жаттығуын жасауға үйрету. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Бесін ас** | Нанға байланысты тыйым сөздер: Нанды үгітпеу керек. Нанды лақтыруға болмайды. Нанмен ойнауға болмайды. | Балаларға астан соң майлықты пайдалануды үйрету | Нан қиқымын шашпаңдар, Жерде жатса, баспаңдар. Теріп алып қастерлеп, Торғайларға тастаңдар. | Дастархан басында әдептілік пен тазалық сақтап отырып ас ішуге баулу. | Дастархан басында әдептілік пен тазалық сақтап отырып ас ішуге баулу. |
| **Ойындар, дербес әрекет** | Фотосуреттер қарастыру «Менің ойыншықтарым» Фотосуретте бейнеленген ойыншықтарды атап беру | **Вариативтік компонент Тақырыбы: «Піскен алмалар»** Тақырыбы: Балаларды «Пластилинография техникасымен таныстыру. Ермексаздың қасиеттерімен таныстыруды жалғастыру. Үзу, жаншу, жағу тәсілдерін қолдану. Табиғат сыйына ризашылық сезімдерін ояту. Әдіс-тәсілдері:түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап, д/о «Бұл қай кезде болады?», «Таны да, ата» Мақсаты:күз мезгілінің ерекшіліктерімен таныстыруды жалғастыру, қоршаған ортаның | **Вариативтік компонент Тақырыбы: «Күзгі жапырақтар»** Тақырыбы: Баланың бойында табиғаттың күздік құбылыстарына, қызығушылығын арттыру. Күздің әдемілігіне эмоциялық сезімдерін ояту. Сурет салу өнерінің жаңа әдісімен «Жапырақтың ізі» таныстыру. Балаларды табиғатты тану арқылы шығармашылық қабілеттерін ояту. Бастыру әдісімен жапырақтардың суретін салуды үйрету. Әдіс-тәсілдері: күзгі | «Шаштараз» сюжетті рөлдік ойыны Бояма кітапшалармен жұмыс жасау Мақсаты: балаларды қарындашты дұрыс ұсап суретті таза, ұқыпты бояуды үйрету. | Дәрігердің кеңесі «Мұрынмен дұрыс демалу, тістерді, ауыз қуысын тазалау Еркін тақырыбында құрастыру. «Лего» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Киімдерді ретімен киінуді жетілдіру. | | | | |
| **Серуен** | Картотека № 1 | Картотека № 2 | Картотека № 3 | Картотека № 4 | Картотека № 5 |
| **Серуеннен оралу** | Киімдерді ретімен шешуді үйрету, мәдени гигиеналық шаралар. | | | | |
| **Түскі ас** | Бата: Асқа адалдық берсін, Денге саулық берсін! Дастарқанға байлық берсін! | Балалардың назарын тамаққа аудару, мәдениетті тамақтануға, ас қайтаруға баулу. | Дастарханның басында, Әдеттен біз озбаймыз. Үлкендердің қасында, Қолды бұрын созбаймыз. Тамақ ішер кезде енді, Сөйлемейміз күлмейміз. Астан басқа өзгені елемейміз білмейміз | Дастархан басында әдептілік пен тазалық сақтап отырып ас ішуге баулу. | Ботқаның, дәрумендердің дұрыс тамақтанудың және т.б. балалардың денсаулығына пайдасы туралы әңгімелесу |
| **Ұйқы** | Балаларға тынығып ұйықтау үшін жағдай жасау. | | | | |
| | «Ең қасиетті жеміс» ертегісін оқып беру | «Ұру білмеген ит» Ертегісін оқып беру | Баяу музыка тыңдату | Баяу бесік жырын тыңдату | «Алтын балық» үнді ертегісі |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүргізу. | Ұйқыдан кейінгі сергіту жатығулары. Өз-өздеріне қызмет жасау. Киіну,жуыну | Ұйқыдан кейінгі сергіту жатығулары. Өз-өздеріне қызмет жасау Киіну,жуыну | Ұйқыдан кейінгі сергіту жатығулары. Өз-өздеріне қызмет жасау.Киіну,жуыну Мәдени гигиеналық шараларын орындау. | Ұйқыдан кейінгі сергіту жатығулары. Өз-өздеріне қызмет жасау. Киіну,жуыну Мәдени гигиеналық шараларын орындау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | денсаулыққа әсері туралы білімді жетілдіру | жапырақтарды бақылау,түсіндір көрсету, салыстыру, мадақтау | | |
| **Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс** | Жалпы мағыналас сөздерді қолдануды үйрету. Д/о«Бір сөзбен ата» Ыдыс-тәрелке, шәйнек, қасық, т.б. (Нұрәділ, Жансая) | «К», «Т» дыбыстарын анық айтуға үйрету. Жаңылтпаш: «Ақ тай ақ па, қара тай ақ па?» (Нұрдәулет, Нұрайым) | Д/о «Сұрақ-жауап» Мақсаты: сұрақтарға толық жауап беруге үйрету,сөздік қорын молайту (Әділжан, Гүлфариза) | Д/о «Бұл қай кезде болады?»Мақсаты: Жыл мезгілдердің ерекшіліктермен таныстыру (Бексұлтан) | Д/о «Бау да ма, бақшада ма?» Мақсаты:көкөнісие р мен жемістерді ажыратып, атауды үйрету. (Айша) |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету, жылы дұрыс киінудің адам денсаулығына пайдасы туралы әңгімелесу | | | | |
| **Серуен** | Картотека №1 | Картотека №2 | Картотека №3 | Картотека №4 | Картотека №5 |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата-аналармен балалардың жағдайы, көңіл күйі туралы әңгімелесу | Ата-аналарға кеңес: «Баланы балабақшаға бейімделуі» | Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу. Үйде баланың өзі киініп, өзі шешінуін қадағалап, талап етіп отыруды түсіндіру. | Ата-аналарға кеңес: «Баланың үйдегі күн тәртібін ұйымдастыру» | Демалыс күндері күн тәртібін сақтауын ата-аналардан талап ету. |

Көрелді:
10.09.2018

**Циклограмма**
**Бір аптаға 10.09.2018-14.09.2018.**
**Тәрбиеші: Н.Б.Сулейменова, Г.Е.Байжанова**
**Ортаңғы топ. Өтпелі тақырып «Балабақша»**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 10 | Сейсенбі 11 | Сәрсенбі 12 | Бейсенбі 13 | Жұма 14 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу** | Балабақшада балаларға қажетті киімдер(пижама, ауыстыратын аяқ киім,алжапқыш) туралы ата-аналарға түсіндіру | Ата-аналарды күн тәртібімен таныстыру | Балаларды киімдерін шкафка реттеп жинауға үйрету | Ата-аналармен және балалармен үйдегі сүйікті ойыншықтары туралы әңгімелесу | Балаларды киімдерін шкафка реттеп жинауға үйрету |
| **Ойындар(үстел үсті, саусақ және т.б.)** | «Сабын көпіршіктері» ойыны **Мақсаты:**балалардың көңіл-күйлерін көтеру,дұрыс тыныс алу дағдыларын қалыптастыру. | «Шар жарылды» ойыны **Мақсаты:**шеңбер құру дағдыларын қалыптастыру, бірлесе ойнауға үйрету. | Саусақ ойындары «Достық» саусақ ойыны **Мақсаты:** достыққа,біресе ойнауға тәрбиелеу, сусақ моторикасын дамыту. | Саусақ ойындары «Достық» саусақ ойыны Мақсаты: достыққа,біресе ойнауға тәрбиелеу,саусақ моторикасын дамыту. | «Шар жарылды» ойыны Мақсаты: шеңбер құру дағдыларын қалыптастыру, бірлесе ойнауға үйрету. |
| **Таңертеңгі гимнастика** | Ертеңгілік жаттығулар кешені №1 | | | | |
| **Таңғы ас** | Ботқаның, дәрумендердің дұрыс тамақтанудың және т.б. балалардың денсаулығына пайдасы туралы әңгімелесу, дастархан басында әдептілік пен тазалық сақтап отырып ас ішуге баулу. | | | | |
| **Ойындар, ұйымдастырыл-ған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық** | «Саусақтардың амандасуы» саусақ ойыны Мақсаты: сәлемдесуге, саусақ атауларын ажыратуға үйрету, ұсақ қол моторикасындамыту | «Тез көрсет» дидактикалық ойыны. Мақсаты: балалардың көкөністер туралы білімдерін арттыру,оларды суреттен тани білуге үйрету | «Мені шақыр» ойыны Мақсаты: топтағы балалардың есімдерін есте сақтауға,достық қарым-қатынасқа үйрету. | «Балабақшадағы ойыншықтар» әңгімелесу | «Біз балабақшаға немен келеміз?» (көліктер) әңгімелесу |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтері** | 1. **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** «Біздің балабақшада» өлеңі. М.Әлімбаев.<br>**Мақсаты**: Балабақшадағы сыйластық туралы түсініктерін кеңейту. Ұжымдық қарым-қатынас дағдыларын дамыту. Құрметпен пен сүйіспеншілік сезімдеріне, өзара сыйластыққа тәрбиелеу.<br>**Әдіс – тәсілдер:**<br>1. Шаттық шеңбер<br>2. Тақпақ жаттау<br>Балабақша есігін<br>Үшке тола<br>ашқанбыз.<br>Балапандай өсіріп<br>Мәпелейді<br>бақшамыз.<br>3. **Сюжетті рөлдік ойын «Ойыншықтар дүкені»**<br>Мақсаты: Дүкенші мамандығымен таныстыру,тілдерін дамыту, балаларды еңбекке, еңбекті құрметтей білуге, сыпайылыққа баулу.<br>**Сергіту сәті** | 1. **ҚМҰҚ**<br>**Тақырыбы:**«2 саны мен таңбасы»<br>**Мақсаты:** Балаларға 1 және 2, 2 және 2 зат тобынан тұратын заттар жиынтығын салыстыруды, теңдік пен теңсіздікті анықтауды, заттардың санын атауды, таңбасын қоюды үйрету. 2 санымен таныстыру. Заттарды биіктігімен еніне қарай салыстыруға жаттықтыру.<br>**Әдіс – тәсілдер:**<br>1. Шаттық шеңбер<br>2. Д/о: «1,2 санын тауып көрсет»<br>3. Сергіту сәті<br>**2. Музыка**<br>**Тақырыбы:** Ән айту:«Достық» (Өлеңін жазған: Е. Елубаев; музыкасын жазған: И. Нүсіпбаев) Музыкалық ырғақты қимыл: «Серуендейміз билейміз»<br>**Мақсаты:**Түрлі сипаттағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдауға, есте сақтауға, әнді сергек, ширақ, әндете, айтуға, әуенмен бірге | 1. **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы**: «Балабақшадағы сүйікті ойыншығым»<br>**Мақсаты:** «Балабақшадағы сүйікті ойыншығым» тақырыбында әңгімелесу. Әр баланың ойын еркін жеткізуге, жаңа сөздерді меңгертуге баулу. Эстетикалық талғамын арттыру;<br>**Әдіс – тәсілдер:**<br>1. Шаттық шеңбер<br>2. «Суреттегіні тап» ойыны.<br>Мақсаты: Тәрбиеші үстелдің үстінде тұрған бір ойыншықты суреттейді. Балалар қандай ойыншық жайлы айтылғанын табуға мүмкіндік жасау.<br>3. Сергіту сәті<br>**2. Құрастыру.**<br>**Тақырыбы**:«Біздің балабақшаның ауласы»<br>**Мақсаты**:Балабақша ауласындағы құралдарды құрылыс материалдарынан жасай алуға үйрету,ауладағы құралдарды құрастыру арқылы ойлау қабілетін дамыту,өздері ойнайтын құрал- | 1.**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы**: «Балабақша ауласындағы гүлдер»<br>**Мақсаты**: Балабақша ауласындағы гүлдердің аттарын айтқызып,оларды ажыратып,атауға үйрету. Тұқымын жинауға баулу. Қолдың ұсақ бұлшық еттерін дамыту.Гүлдерді жұлмауға, гүлдерге аялы көзқараспен карауға тәрбиелеу.<br>**Әдіс – тәсілдер:**<br>1. Шаттық шеңбер<br>2. Ойын:«Табиғатты аялайық»<br>**Мақсаты:**Табиғат туралы білімдерін тиянақтау. Табиғат туралы тақпақтар, тыйым сөздер айтқызып тілдерін дамыту.<br>3. Сергіту сәті<br>2. **Сурет**<br>**Тақырыбы:** «Түрлі-түсті шарлар»<br>**Мақсаты :**Балаларға дөңгелек, сопақ пішінді салуды үйрету. Үйрету, пішіндерді атап, ажырата білуге, есте сақтау қабілеттерін дамыту, қылқаламмен жұмыс жасауды үйрету, көрсету, досының жұмысын бағалай білуге тәрбиелеу. | **1. Аппликация**<br>**Тақырыбы:** «Балабақшадағы достарыма арналған үй»<br>**Мақсаты**:Балаларды қайшымен жұмыс істеуге үйрету, техникалық қауіпсіздік ережелері туралы түсіндіру. Тіктөртбұрыш, шаршылармен үйдің қабырғасын, үшбұрышпен үйдің шатырын жасауға болатындығын түсіндіру. Тілдерін дамыту. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру.<br>**Әдіс – тәсілдер:**<br>1. Шаттық шеңбер<br>2. Ойын: «Зат неге ұқсайды?»<br>**Мақсаты:** Геометриялық денелер мен пішіндер туралы білімдерін бекіту; айналадағы заттардың геометриялық пішінін ажырата білу дағдыларын дамыту.<br>3. Сергіту сәті<br>2. **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы**: Бөрененің үстінде жүру<br>**Мақсаты:**Бөрененің үстінде жүруді үйрету.<br>Допты лақтыру және допты қағып алу дағдыларын дамыту.<br>Ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>**«Күн мен жаңбыр» ойыны.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 2.**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**Тепе-теңдік<br><br>**Мақсаты:**Тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру. Балалардың зейінін дамыту, бірлікке баулу<br>Түрлі тәсілдермен жүруге үйрету, балалардың зейіндерін дамыту.<br>**«Қу түлкі» ойыны.**<br>Мақсаты:3рет әртүрлі дауыспен«Қу түлкі, сен қайдасың?» деп айқайлауға үйрету. Бірігіп ойнауға тәрбиелеу. | би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындауға үйрету.<br>**Д/О**:«Домбыра алу»<br>**Мақсаты:**балалардың ән тыңдап ырғақты қимылдарды, бұрылу сол жаққа және оң жаққа жасауды үйрету. | жабдықтарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.<br>**«Сәлем» саусақ ойыны**<br>Мақсаты: саусақ қимылдарын дамыту,сәлемдесуге үйрету,сөздік қорларын толықтыру,тілдерін дамыту.<br>3. **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы**: Жүруді жүгірумен, жүгіруді жүрумен алмастыру.<br>**Мақсаты:** Жүруді жүгірумен, жүгіруді жүрумен алмастыруды үйрету. Жылдамдық және ептіліктерін дамыту.Ұзындыққа қапшықты лақтыруға жаттықтыру.<br>**Қ/О:«Мені қуып жетіңдер!»**<br>Мақсаты: Жылдамдыққа, шапшаңдыққа үйрету. | **Әдіс – тәсілдер:**<br>1. Шаттық шеңбер<br>2. Д/О:«Кім тез үрлейді?»<br>**Мақсаты:** Ауада қолдарымен шарды бейнелеп,көздеріне елестете үрлеуге дағдыландыру.<br>3. Сергіту сәті<br>3. **Музыка**<br>**Тақырыбы:** Ән айту:«Достық»<br>(Өлеңін жазған: Е. Елубаев; музыкасын жазған: И. Нүсіпбаев)<br>Музыкалық ырғақты қимыл: «Серуендейміз билейміз»<br>**Мақсаты:**Түрлі сипаттағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдауға, есте сақтауға, әнді сергек, ширақ, әндете, айтуға, әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындауға үйрету | Мақсаты: Көңілді ойнап жүріп, белгі берісімен қолшатыр астына кіруге үйрету. |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерді ретімен киінуді жетілдіру. | | | | |
| **Серуен** | Картотека №6 | Картотека №7 | Картотека №8 | Картотека №9 | Картотека №10 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуеннен оралу** | Киімдерді ретімен шешуді үйрету, мәдени гигиеналық шаралар. | | | | |
| **Түскі ас** | Бата:<br>Асқа адалдық<br>берсін,<br>Денге саулық<br>берсін!<br>Дастарқанға байлық<br>берсін! | Балалардың назарын тамаққа аудару, мәдениетті тамақтануға, ас қайтаруға баулу. | Дастарханның басында,<br>Әдеттен біз озбаймыз.<br>Үлкендердің қасында,<br>Қолды бұрын<br>созбаймыз.<br>Тамақ ішер кезде енді,<br>Сөйлемейміз<br>күлмейміз.<br>Астан басқа өзгені<br>елемейміз білмейміз | Дастархан басында әдептілік пен тазалық сақтап отырып ас ішуге баулу. | «Біз жуына білеміз»<br>Балаларға жуыну ретін көрсету |
| **Ұйқы** | Балаларға тынығып ұйықтау үшін жағдай жасау. | | | | |
| | «Қызыл телпек» ертегісін оқып беру | «Жеті лақ» ертегісін оқып беру | Баяу музыка тыңдату | Баяу бесік жырын тыңдату | Баяу музыка тыңдату |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүргізу.<br>Мәдени гигиеналық шараларын орындау.<br>Мұнда бері қараңыз, Бізде санай аламыз.<br>1,2,3 дегенде, Түзу тұра қаламыз.<br>4,5,6 дегенде, Алға қадам басамыз. | | | | |
| **Бесін ас** | Дастархан басында әдептілік пен тазалық сақтап отырып ас ішуге баулу | | | | |
| **Ойындар, дербес әрекет** | «Не артық?»<br>Қима суреттердің артық бөліктерін табу, есте сақтауды дамыту. | Вариативтік компонент:<br>«Піскен алмалар»<br>Балаларға берекелі күз туралы түсінік беріп, күз сыйы көкөністер мен жемістерді айыра білуге үйрету.<br>Күзде пісетін | Вариативтік компонент:<br>«Банкідегі қызанақтар»<br>Балаларды «Пластилинография» техникасымен таныстыруды жалғастыру.<br>Ермексазды домалақтау, жалпақтау тәсілдерін колдануды үйрету. | «Шаштараз» сюжетті рөлдік ойыны<br>Бояма кітапшаларымен жұмыс жасау<br>Мақсаты: балаларды қарындашты дұрыс ұсап суретті таза, ұқыпты бояуды үйрету. | Қ\о: **«Кім жоқ?»**<br>**Барысы:** Балалар шеңбер құрып тұрады. . Тәрбиеші ойынға қатысушылардың біреуіне оның қатарында тұрған балаларды (5-6 бала)еске сақтауды, ал содан кейін бөлмеден шығып немесе теріс айналып, көзін жұмуды ұсынады. Балалардың біреуі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жемістер туралы білімдерін кеңейту. Балаларды пуантилизм техникасымен таныстыру. Нүктелер арқылы алманың суретін салуды үйрету. Тиянақтылыққа тәрбиелеу. «Пайдалы және зиянды» дидактикалық ойыны қоршаған ортаның денсаулыққа әсері туралы білімді жетілдіру | Ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу. Д/о«Бауда ма, бақшада ма?» «Асхана» сюжетті рөлдік ойыны | | жасырынып қалады. Сосын тәрбиеші: «Кетіп қалғанн кім екенін тапшы?»-дейді. Егер бала тапса,өз орнына біреуді белгілейді. Ал егерде таппаса, онда қайтадан теріс қарвп, көзін жұмады, ал тығылған бала орнына келіп тұра қалады. Тапқан бала оның атын атауы керек. Ойын 4-5 рет қайталанады. |
| **Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс** | Бексұлтанға ұшатын және ұшпайтын заттарды ажыратуға үйрету | «Балапан» тобының балаларына қарама-қарсы сөздерді айтуға үйрету | Нұрәділ, Иванмен жеке жұмыс.Геометриялық пішіндерді ажыратып, атауды үйрету. | Айшамен ойын арқылы сөз құрап өз ойын жеткізе білуге үйрету | Нұрайыммен дыбыстық жаттығулар жасау. |
| **Серуенге дайындық** | Киіну: серуенге шығу. | | | | |
| **Серуен** | Картотека №6 | Картотека №7 | Картотека №8 | Картотека №9 | Картотека №10 |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата-аналармен балалардың жағдайы, көңіл күйі туралы әңгімелесу | Ата-аналарға кеңес: «Баланы күзде қалай киіндіру керек?» | Ата-аналарға кеңес: «Суық тию ауруларының алдыналу» | Ата-аналарға кеңес: «Баланың үйдегі күн тәртібін ұйымдастыру» | Денсаулық дегенімізді қалай түсінесіз?» тақырыбында ата-аналармен әңгімелесу |

**Циклограмма**
**Бір аптаға: 17.09.2018.-21.09.2018.**
**Тәрбиеші: Н.Б.Сулейменова, Г.Е. Байжанова**
**Ортаңғы топ. Өтпелі тақырып «Балабақша»**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 17 | Сейсенбі 18 | Сәрсенбі 19 | Бейсенбі 20 | Жұма 21 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу** | Ата – аналарды, балаларды жақсы көңіл – күймен қарсы алу. Бала денсаулығын сақтау мен нығайту туралы ата – аналармен әңгімелесу | Балаларда көтеріңкі көңіл – күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. | Ата-аналармен балалардың достары туралы әңгімелесу | Ата-аналармен балалардың балабақшадағы тәртібімен әңгімелесу | Ата-аналармен балалардың жағдайы, көңіл күйі туралы әңгімелесу |
| **Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)** | Баспалдақпен түсіп-шыққанда, топта, топ алаңында бір-бірін итермеу жөнінде әңгіме өткізу. | Құрылысшымын: «Балабақша жиһазы» Дидактикалық ойын «Не артық» | «Жұп суреттер» Мақсаты: Балалардың байқампаз қабілетін дамыту; заттардың, суреттердің ұқсастық пен айырмашылықтарын табуға үйрету | «Ойыншықты тап» Мақсаты: Кеңістікті бағдарлай білуге үйрету Ата – аналарды жақсы көңіл – күймен қарсы алу. Бала денсаулығын сақтау мен нығайту туралы ата – аналармен әңгімелесу, балаларда көтеріңкі көңіл – күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. | «Қандай ойыншық жоқ» Мақсаты: Есте сақтау қабілетін дамыту Түзу отырып, тамақты төкпей ішуге үйрету және қадағалау. |
| **Таңертеңгілік гимнастика** | Таңғы жаттығулар №2 кешен | | | | |
| **Таңғы ас** | Ботқаның, дәрумендердің дұрыс тамақтанудың және т.б. балалардың денсаулығына | Дастархан басында әдептілік пен тазалық сақтап отырып ас ішуге баулу. | Балаларға астан соң майлықты пайдалануды үйрету | Нан қиқымын шашпаңдар, Жерде жатса, баспаңдар. Теріп алып қастерлеп, | Дастархан басында әдептілік пен тазалық сақтап отырып ас ішуге баулу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | пайдасы туралы әңгімелесу | | | Торғайларға тастаңдар. | |
| **Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық** | «Жаңа қуыршақ» Мақсаты: Балаларды топталған бөлмедегі жабдықтарды дұрыс атауға үйрету; олардың міндетін анықтау; балалардың сөйлеу қабілетін дамыту | Үстел үсті ойыны. «Сан қатарын тап!» Сан қатарын дұрыс ретімен қоюға дағдыландыру. | Қазақ халық ойыны «Сақина салу» Мақсаты:қазақ ұлттық ойындармен таныстыруды жалғастыру, қызығушылықтарын арттыру | «Жұп суреттер» Мақсаты: Балалардың байқампаз қабілетін дамыту; заттардың, суреттердің ұқсастық пен айырмашылықтарын табуға үйрету | Жеміс – жидектер туралы әңгімелесу. |
| **Ұйымдастырылған оқу - қызметтері** | **1.Орыс тілі** «Мои любимые игрушки» **Цель занятия:** Учить детей понимать вопросы на русском языке и давать правильные ответы, называть игрушки на русском языке. Развивать слуховое и зрительное внимание, словесно-логическое мышление, тонкую ручную моторику. Воспитывать бережное отношение к игрушкам. **Д/и:«Чего нестало?»** Цель: дети отвечают на | **1.ҚМҰҚ** **Тақырыбы:** «Заттың мөлшерін санмен сәйкестендіру» **Мақсаты:** Сан мен заттың санының арасындағы сәйкесікті анықтау;заттардың көлеміне қарай (үлкен,кіші,кішкентай ) салыстыруға және сол сөздерді сөйлеу барысында қолдануға үйретуді жалғастыру. Заттардың ұқсас белгілерін (көлемі) анықтап,оларды сол белгілері арқылы біріктіруге үйрету. Геометриялық пішін – шаршы туралы өткенді пысықтау. Шаршының көлемі әртүрлі болатынын түсіндіру. | **1.Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:**«Балабақшадағы ыдыстар» **Мақсаты**: Сөйлеу кезінде «ыдыстар» деген жалпылауыш сөзді қолдана білуге үйрету. Ыдыстар туралы түсінік беру.Сөзді дыбыстау мәдениетін тәрбиелеуге арналған дидактикалық ойындарды қолдану арқылы сөздік қорларын дамыту. Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Әдістәсілдері: ғажайып сәт «Қонжық қонаққа келді»,түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, д/о «Заттарды сипатта» | **1.Сурет салу** **Тақырыбы:** «Қуыршаққа арналған алжапқыш» **Мақсаты** :Сәндік қолданбалы өнер түрлерімен таныстыруды жалғастыру, ұлттық сәндік қолданбалы өнерге деген қызығушылықтарын арттыру,алжапқыштың жиегіне өрнектерді дұрыс орналастыра білуге жаттықтыру. Ою-өрнектің әдемілігіне мән беру арқылы көркемдік талғампаздыққа тәрбиелеу. Әдіс-тәсілдері.түсіндіру, көрсету,д/о «Өрнекті құрастыр» Мақсаты:қазақ | **1.Мүсіндеу.** **Тақырыбы:** «Түрлі-түсті пирамидалар» **Мақсаты**:Пирамида туралы түсінік беру;түстерді дұрыс ажырата алуға үйрету;шығыршық дөңгелектер жасауды үйрету,ұқыпты және таза жұмыс істеуге дағдыландыру. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Ойыншықтарды ұқыпты және таза пайдалануды дағдыландыру. тәсілдері:көрсету, түсіндіру, әңгімелеу, ойын: «Пирамида жинау» Мақсаты: пирамиданы жинау |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | вопросы коротким предложением, закрепление темы игрушки.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>Баскетбол ойынның элементтері<br>**Мақсаты**: Допты екі қолмен қағуға үйрету.<br>Спортқа деген қызығушылықтарын арттыру.Допты еденге соғуға жаттықтыру; жүргізішіні ауыстырып, түрлі бағыттарда жүруге жаттықтыру.Балаларды алғырлыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>**Қ/О:** «Кім заттарды көбірек жинайды?»<br>Мақсаты: Шашылып жатқануақ заттарды жинауға үйрету. Жылдамдық қабілеттерін дамыту. | Әдіс-тәсілдері:түсіндіру, Көрсету,санамақ жаттау<br>Бір дегенім – білім,<br>Екі дегенім – елім<br>Үш дегенім – үміт<br>Жүрейік әрқашан күліп.<br>**2.Қоршаған ортамен танысу.**<br>**Тақырыбы**: «Балабақша бөлмесі»<br>**Мақсаты:**<br>Балабақша ішінде орналасқан бөлмелерді салыстыруға үйрету. Балабақша бөлмесінде,аулада еркін бағыт-бағдар жасау,топ бөлмесінде және тұрмыста заттарда дұрыс қолдану іскерліктерін жетілдіру .Есте сақтау,ойлау қабілеттерін дамыту.Ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>Әдіс-тәсілдері: Балабақша бөлмелеріне саяхат,сұрақ-жауап, д/о: «Орналастыр»<br>Мақсаты: Қиылған жиһаздар мен | Мақсаты:Ыдыстар атап, сипаттауға үйрету,жұмбақ жасыру, мадақтау<br>**2.Дене шынықтыру**<br>Допты домалату<br>**Мақсаты:**Жан-жаққа шашырап жүру және жүгіру түрлерін үйрету.<br>Ептілік және жылдамдық тәрізді қасиеттерді дамыту.<br>Бір бағытты ұстап,допты бір-біріне домалату дағдыларын бекіту.<br>**«Көңілді маймылдар»**<br>Мақсаты: балаларға еркіндік бере отырып тыңдауға,тәртіпке шақыру арқылы шыдамдылыққа,бірлесе қимылдауға үйрету.<br>**3.Драма**<br>**Тақырыбы**: «Қуыршақты сөйлеуге үйретеміз»<br>**Мақсаты:**Дұрыс сөйлеуді үйрету,тілдегі дыбыстарды дұрыс айту біліктерін жетілдіру, байланыстырып сөйлеуін дамыту.<br>Әдіс-тәсілдері: | ұлттық оюларымен таныстыруды жалғастыру<br>**2.Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:**«Балабақша бөлмесіндегі өсімдіктер және оларды күту»<br>**Мақсаты:**<br>Балалардың бөлме өсімдіктері туралы білімдерін бекіту (атауы, құрылысы). Өсімдіктерді салыстыра білу,олардың айырмашылығы мен ұқсастығын таба алу, олардың өсуіне қажетті жағдаймен таныстыру.<br>Өсімдіктер туралы білімдерін дамыту. Әңгімеге араласа білуге, өз көзқарасын айта алуға тәрбиелеу. Өсімдіктерді өсіруге, күтуге деген қызығушылықтарын арттыру.<br>Әдіс-тәсілдері:бақылау, сұрақ-жауап, гүлдерді суару, жұмбақ жасыру: «Жұпар иіс еседі, бақшада өседі»<br>**3.Музыка**<br>Ән тыңдау: | арқылы түстерді ажыратуға үйрету.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы**: «Қапшықты нысанаға лақтыру»<br>**Мақсаты:**Қапшықты 1,5 м қашықтықтан нысанаға лақтыруға үйрету.<br>Көзбен мөлшерлей білуді дамыту.<br>Гимнастикалық баспалдақпен өрмелеуге жаттықтыру<br>**Қ/О: «Үрпек төбет»**<br>**Мақсаты:**Жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | заттарды өз бөлмелеріне рет-ретімен қойып, жабдықтауға үйрету, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Бір-біріне көмектесуге тәрбиелеу. | қуыршақ қонаққа келеді, сұрақ-жауап,тақпақ жаттау «Ойыншықтар» А.Әлімбаев | «Ойыншық» Ғ. Жұбанова<br>Ән салу: «Ойыншықтар» И. Нүсіпбаев.<br>Муз ырғақты қимыл: «Қуыршақпен билейміз»<br>**Мақсаты:** Ойыншықтардың зат екенін балаларға түсіндіру. Ән – күйлерді тыңдату, қабылдау,естесақтау және музыкалық жанрды ажырата білуге үйрету.<br>**Д/О**: «Қасқыр мен көжек»<br>Мақсаты: Баяу әуенімен ойнап жүріп қашу, қуып жетуге үйрету. | |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерді ретімен киінуді жетілдіру. | | | | |
| **Серуен** | Картотека № 11 | Картотека № 12 | Картотека № 13 | Картотека № 14 | Картотека № 15 |
| **Серуеннен оралу** | Киімдерді ретімен шешуді үйрету, мәдени гигиеналық шаралар. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Түскі ас** | Бата:<br>Асқа адалдық берсін, Денге саулық берсін!<br>Дастарқанға байлық берсін! | Балалардың назарын тамаққа аудару, мәдениетті тамақтануға, ас қайтаруға баулу. | Нан -ардақты асыл ас,<br>Кәрі,жас одан аттамас.<br>Ақ дастархан үстінде,<br>Қол жумай оны ұстамас. | Ботқаның, дәрумендердің дұрыс тамақтанудың және т.б. балалардың денсаулығына пайдасы туралы әңгімелесу | Дастарханның басында,<br>Әдеттен біз озбаймыз.<br>Үлкендердің қасында,<br>Қолды бұрын созбаймыз.<br>Тамақ ішер кезде енді,<br>Сөйлемейміз күлмейміз.<br>Астан басқа өзгені елемейміз білмейміз |
| **Ұйқы** | Балаларға тынығып ұйықтау үшін жағдай жасау. | | | | |
| | «Түймеқыз» ертегісін оқып беру | «Тапқыр қоян» Ертегісін оқып беру | Баяу музыка тыңдату | «Қызыл телпек»ертегісін оқып беру | «Үш аю» үнді ертегісі |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүргізу. | Ұйқыдан кейінгі сергіту жатығулары. Өз-өздеріне қызмет жасау.Киіну,жуыну | Ұйқыдан кейінгі сергіту жатығулары. Өз-өздеріне қызмет жасау.Киіну,жуыну Мәдени гигиеналық шараларын орындау. | Ұйқыдан кейінгі сергіту жатығулары. Өз-өздеріне қызмет жасау.Киіну,жуыну Мәдени гигиеналық шараларын орындау. | Ұйқыдан кейінгі сергіту жатығулары. Өз-өздеріне қызмет жасау.Киіну,жуыну Мәдени гигиеналық шараларын орындау. |
| **Бесін ас** | Бесін ас мәзіріндегі ас құрамымен таныстыру. Асықпай, таза, тауыса тамақтануға баулу. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ойындар, дербес әрекет** | «Ұшады, жүреді, жүзеді» Мақсаты: Балалардың қоғамдық көліктер жайлы білімдерін дамыту: автокөлік, позд, ұшақ, кеме, қайық, олардың ерекшеліктерін анықтау; балалардың бірге ойнау, ережеге бағыну қабілеттерін тиянақтау | **Вариат.компонент Тақырыбы: «Күзгі жапырақтар»** Мақсаты: Балаларды ермексаздың қасиеттерімен таныстыруды жалғастыру.Күз мезгілінің өзгерістері туралы түсініктерін кеңейту.Бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге баулу. Әдіс-тәсілдері: түсіндіру, көрсету, жұмбақ жасыру,д/о «Түсінен ажырат» Д/о «1,2,3...сары жапыраққа қарай ұш» | **Вариат.компонент Тақырыбы: «Саңырауқұлақтар»** Мақсаты: Саңырауқұлақтар туралы түсініктерін қалыптастыру. Сопақша және жартылай дөңгелек пішіндерден тұратын бейненің суретін пуантилизм техникасы арқылы салуға үйрету. Жұмысты орындау барысында икемділікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Әдіс-тәсілдері: жұмбақ жасыру, түсіндіру, көрсету, әңгімелеу, ойын «Кім жылдам?» Мақсаты: саңырақұлақтарды себетке жинау, шапшаңдыққа тәрбиелеу | Сюжетті рөлдік ойын. «Қуыршақты тамақтадыр», ірі құрылыс материалдармен және конструкторлармен ойындар | Ойын «Кімнің заттары» (жақын адамдарының заттарын анықта). Суретті кітапшаларды бояу, пазлдар, мазайка және т.б |
| **Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс** | Геометриялық пішіндерді ажыратып, атауды үйрету. (Рауан, Жансая) | Д/о «Үй құстарын ата» Мақсаты: үй құстары мен дала құстарын ажырату. (Малика) | Заттарды ұзындығы, биіктігі бойынша өсу, кему ретімен орналастыруды бекіту (Әбілмансұр) | 5 дейін санауды үйрету (Ваня) | Д/о«Бауда ма, бақшада ма?»ұйымдастыру Бексұлтан |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету, жылы дұрыс киінудің адам денсаулығына пайдасы туралы әңгімелесу | | | | |
| **Серуен** | Картотека №11 | Картотека №12 | Картотека №13 | Картотека №14 | Картотека №15 |
| **Балалардың** | Ата-аналармен | Баланың бүгінгі | Баланың бүгінгі | Ата-аналарға кеңес: | Баланың бүгінгі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **үйге қайтуы** | балалардың жағдайы, көңіл күйі туралы әңгімелесу | жетістігі туралы әңгімелесу. Әдептілік сөздерді үйретуін ескерту. | жетістігі туралы әңгімелеу. Бала тәрбиесіне көңіл бөлуді ескерту. | «Баланың үйдегі күн тәртібін ұйымдастыру» | жетістігі туралы әңгімелесу. Әдептілік сөздерді үйретуін ескерту. |

Келісілді
24.09.2018

**Циклограмма**
**Бір аптаға: 24.09.2018.-28.09.2018.**
**Тәрбиеші: Н.Б.Сулейменова, Г.Е. Байжанова**
**Ортаңғы топ. Өтпелі тақырып «Балабақша»**

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі 24** | **Сейсенбі 25** | **Сәрсенбі 26** | **Бейсенбі 27** | **Жұма 28** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу** | Ата – аналарды, балаларды жақсы көңіл – күймен қарсы алу | Балаларда көтеріңкі көңіл – күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. | Ата-аналармен баланың жетістіктері туралы әңгімелесу. | Ата-аналарға үйде баланың өзі киініп, өзі шешінуін қадағалап, талап етіп отыруды түсіндіру. | Бала денсаулығын сақтау мен нығайту туралы ата – аналармен әңгімелесу, |
| **Ойындар(үстел үсті, саусақ және т.б. )** | «Ойыншықтар достығы» ертегісін оқып беру, мазмұны бойынша сұрақтар қою. | Қимылды ойын «Допты кәрзеңкеге түсір» Мақсаты: допты лақтыруды үйрету. | Ұлттық ойын Ақшамшық (Сақина салу) Мақсаты: жылдамдыққа шапшандыққа үйрету | «Тез көрсет» ойыны Мақсаты: балалардың айнала қоршаған дүние туралы білімдерін арттыру,оларды суреттен тани білуге үйрету | Қимылды ойын «Допты кәрзеңкеге түсір» Мақсаты: допты лақтыруды үйрету. |
| **Таңертеңгі гимнастика** | Ертеңгілік жаттығулар кешені №2 | | | | |
| **Таңғы ас** | Ботқаның, дірумендердің, дұрыс тамақтанудың және т.б балалардың денсаулығына пайдасы туралы әңгімелесу, дастархан басында әдептілік пен тазалық сақтап отырып ас ішуге баулу | | | | |
| **Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық** | Ұлттық ою-өрнектер үлестірмелі көрнекіліктер қарау | «Мен – ағашпын» атты психологиялық жаттығуға қатысуға шақырады. | «Заттардың бөліктерін ата» ойыны. Тәрбиеші жиһаздардың бөліктеріне мұқият қарап атауды ұсынады | Ойын: «Қайда орналасқан» Мазмұны: Аюдың оң жағында ит, сол жағында қоян, артында қонжық, алдында күшік. | Жапырақтарды жинаймыз» Мақсаты: қол қимылдарын дамыту,түстерді ажыратуға үйрету. |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастыр-ылған оқу қызметтері** | 1. **Көркем әдебиет** **Тақырыбы:** «Ойыншықтар» (өлең) Нұрсұлтан Әлімқұлов **Мақсаты:** Өлең мәтінін түсініп, жатқа айта білуге | 1. **ҚМҰҚ** **Тақырыбы:** «Сандарды салыстыру» **Мақсаты:** Заттарды дұрыс санауға үйретуді әрі қарай жалғастыру; екі топтағы заттарды | 1. **Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы**: Балабақша-дағы жиһаздар **Мақсаты:**«Жиһаздар» жалпылауыш сөзімен таныстыру. Жиһаздардың атау, түсі,пішіні,не үшін | 1.**Жаратылыстану** **Тақырыбы**: Балабақша ауласындағы қара ағашпен сирен ағашын бақылау. **Мақсаты:** Күзгі табиғатты бақылау кезінде қарапайым өзгерістерді | **1. Аппликация** **Тақырыбы:** Сүйікті қонжығыма арналған пирамида Мақсаты:Балабақшада-ғы ойыншықтар туралы түсініктерін кеңейту. Ойыншықтың бейнесін көшіріп, аппликация |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үйрету,ой-өрісін дамытып, ойыншықтарды күтіп ұстауға тәрбиелеу.<br>**Әдіс – тәсілдер:**<br>1. Шаттық шеңбер<br>2. Жұмбақ жасыру.<br>Шіркіннің өзіне<br>обал – ақ,<br>Жүреді аякта<br>домалап. (Доп)<br>Аяғы бар жүрмейді,<br>Аузы бар<br>сөйлемейді.<br>Айнымайды<br>бөпемнен,<br>Тек сөйлеуді<br>білмейді.<br>(Қуыршақ)<br>3. Тақпақ жаттату<br>Біздерде бар<br>қуыршақ,<br>Бұзау, қозы,<br>құлыншақ,<br>Ойыншықтар<br>тыңдайды.<br>Ақыл айтсақ<br>ұрыссақ,<br>Қуыршақтар<br>ұйықтайды.<br>Айтқанынан<br>шықпайды.<br>4.Танымдық ойын: «Сипаттап бер»<br>**Мазмұны:**Балалар бір-бірден шығып, сиқырлы қорапша | салыстыруға үйрету; саны жағынан аз топқа жетпей тұрған заттарды қосуды үйрету; саны жағынан бірдей, бірақ әртүрлі топтардан құралған заттар арасындағы теңдікті анықтау; тәулік бөліктері туралы білімін нығайту; заттардың орналасуын сөзбен баяндауға үйрету. (сол жақта, ортада, оң жақта)<br>**Әдіс – тәсілдер:**<br>1. Шаттық шеңбер<br>2. Ойын: «Қайда орналасқан?»<br>Мазмұны: Аюдың оң жағында ит, сол жағында қоян, артында қонжық, алдында күшік.<br>«Қайда орналасқан?» сұрағына жауап беруге үйрету.<br>3. Сергіту сәті<br>2. **Музыка**<br>**Тақырыбы:** Ән тыңдау:<br>Ән салу:«Сағат» Басыр Жүсібалиев.<br>Музыкалық қимыл – қозғалыс:«Жалаушамен жаттығу»<br>Би: «Қуыршақпен | қажет екенін айта білуге үйрету.<br>Тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну дағдыларын қалыптастыру. Сөздік қорларын дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Әдіс – тәсілдер:**<br>1. Шаттық шеңбер<br>2. Д\О «Орнын тап»<br>Мақсаты: заттардың топ бөлмесіндегі орнын тауып қоюға үйрету, жинақылыққа баулу,есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>3. Сергіту сәті<br>2. **Құрастыру.**<br>**Тақырыбы**: Балабақша-дағы жиһаздар<br>**Мақсаты:**Жиһаз жайлы білімдерін бекіту,жиһаз түрлерімен оның пайдасы туралы мағлұмат беру.Жиһаз құрастыруды құрылыс материалдарын пішіндеріне және түстеріне сәйкес дұрыс таңдап,пайдалана білуге үйрету, үй жиһаздарын ұқыпты | атай білуге және өздерінің сезімдері туралы әңгімелеуге үйрету. Қара ағаш және сирен ағашымен таныстыру. Қара ағаш және сирен ағашының жапырақтары мен діңінің ерекшелігіне қарап басқа ағаштардан ажыратып, атай білуге үйрету. Олардың жапырақтарының түсіне назар аударып, көктемгі уақыттағы жапырақтармен салыстыру. Табиғаттың әсемділігін тамашалай білуге тәрбиелеу.<br>**Әдіс – тәсілдер:**<br>1. Шаттық шеңбер<br>2.Сергіту сәті<br>2. **Сурет**<br>**Тақырыбы:** Тәрелкені әшекейлеу<br>**Мақсаты**:Балаларды белгілі бір тұтынатын бұйымдардың пішініне сәйкес ою-өрнектермен тәрелкені әшекейлей білуге үйрету,қағаз бетіндегі кеңістікті дұрыс пайдалануды, нүкте арқылы ою жасауды, | жасау. Тілдерін дамыту. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Ойыншықтармен ұқыпты ойнауға тәрбиелеу.<br>**Әдіс – тәсілдер:**<br>1. Шаттық шеңбер<br>2. Д/О«Ойыншықтар»<br>Шарты:Тәрбиеші «доп» дегенде балалар доп сияқты секіреді, «машина» дегенде үреді,«веолсипед»дегенде велосипед тепкендей қимылдар жасайды.<br>3. Сергіту сәті<br>2. **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы**: Доппен жұмыс<br>**Мақсаты:**<br>Бір-біріне допты кеуде тұсынан лақтыруға үйрету. Ойындарды ойнауға және жаттығуларды орындауға қызығушылықтарын арттыру. Қолды әртүрлі қалыпта ұстап, қапшықты басқа қойып, жіптің үстімен жүруге жаттықтыру.<br>**«Допты кәрзеңкеге түсір»**<br>Мақсаты: допты лақтыруды үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ішінен, ойыншықтарды алып,әңгімелеп, сипаттап айтып береді.<br>5. Сергіту сәті<br>2.**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** Қыздар мен ұлдарға арналған ойындар<br>**Мақсаты:** Балаларды топта физиологиялық ерекшеліктеріне қарай ойнауға үйрету.Баланы көздеген мақсатына жету үін қалай әрекет етуге үйрету.Қоршаған орта туралы ұғымдарын кеңейту және тереңдету.<br>**Ойын: «Доп кімде?»**<br>Мақсаты: Жасырылған допты табуға үйрету. Ойын ережесін сақтауға үйрету. | билейміз»<br>Мақсаты: Әнді тыңдап, сезіне білуге, ән мазмұнына әңгімелеп айтуға дағдыландыру, дыбыс биіктігі, тембрі туралы ұғымын қалыптастыру. Еліне, туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру.<br>Әдіс-тәсіл:Ән тыңдатқызу, ән айту, қимыл- қозғалысты жасау, затпен би билеу, ойын ойнатқызу. | ұстай білуге тәрбиелеу.<br>**Әдіс – тәсілдер:**<br>1. Шаттық шеңбер<br>2. Д/О:«Не артық»<br>Тақтада ілулі тұрған жиһаздардың арасына ыдыстың суретін іліп қояды, балалар не артық екенін тауып және түсіндіріп айтады.<br>3. Сергіту сәті<br>3. **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы**: Шыбынбике – Шыбынгүл<br>**Мақсаты:**<br>Қ.Мырза Әлидің аудармасы бойынша жазылған «Шыбынбике – Шыбынгүл» ертегі-өлеңінен үзінді жаттату. Адамгершілік қасиеттерін дамыту. Арқан арқылы секіруге жаттықтыру, өз-өзін уқалауға жаттықтыру.<br>**Сумен ойын**«Кім жоғары секіреді?»<br>Мақсаты: «көз-қол» үйлесімділігін дамыту; сумен байланысты әр түрлі іс қимылдарға баулу. | әсемділікті қабылдай білуге тәрбиелеу.<br>**Әдіс – тәсілдер:**<br>1.Шаттық шеңбер<br>2. Ойын:«Қуыршақта не жоқ?»<br>Мақсаты: Қуыршақты тамақтандыруға қандай заттар керек екенін табуға үйрету. Есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>3. Сергіту сәті<br>3. **Музыка**<br>**Тақырыбы:** Ән тыңдау:Ән салу:«Сағат» Басыр Жүсібалиев.<br>Музыкалық қимыл – қозғалыс: «Жалаушамен жаттығу»<br>Би: «Қуыршақпен билейміз»<br>Мақсаты: Әнді тыңдап, сезіне білуге, ән мазмұнына әңгімелеп айтуға дағдыландыру, дыбыс биіктігі, тембрі туралы ұғымын қалыптастыру. Еліне, туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Киімдерді ретімен киінуді жетілдіру. | | | | |
| **Серуен** | Картотека №16 | Картотека №17 | Картотека №18 | Картотека №19 | Картотека №20 |
| **Серуеннен оралу** | Киімдерді ретімен шешуді үйрету, мәдени гигиеналық шаралар. | | | | |
| **Түскі ас** | Бата:<br>Асқа адалдық берсін, Денге саулық берсін!<br>Дастарқанға байлық берсін! | Жуыну ережесін қайталау:<br>Сабындаған кезіңде,<br>Ашытады көзіңді.<br>Бола білсең төзімді,<br>Тап-таза етер өзіңді. | Ойын- жаттығу «Қуыршақтар жуынады»<br>Жуын,жуын,жуынсақ,<br>Қандай жақсы,қуыршақ!<br>Әйтпегенде бөпешім,<br>Кірлеп кеткен екенсің.<br>Қазір аппақ боласың,<br>Қуанады анашың. | Нан болса ойнап-күлеміз,<br>Нан болса еркін жүреміз.<br>Нан – қасиет,<br>Нан – береке,<br>Нан – мереке. | Балаларға дұрыс тамақтану тәртібін үйрету.<br>Асты шашпай-төкпей іш,<br>Алақ-жұлақ етпей іш.<br>Келген асты алдыңа,<br>Тауысып іш,қалдырма. |
| **Ұйқы** | «Ең қасиетті жеміс» ертегісін оқып беру | «Үру білмеген ит» Ертегісін оқып бер | Баяу музыка тыңдату | Баяу бесік жырын тыңдату | «Алтын балық» ертегісі |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүргізу.<br>Мәдени гигиеналық шараларын орындау.<br>Мұнда бері қараңыз, Бізде санай аламыз.<br>1,2,3 дегенде, Түзу тұра қаламыз.<br>4,5,6 дегенде, Алға қадам басамыз. | | | | |
| **Бесін ас** | Дәрумендердің баланың денсаулығына пайдасы туралы әңгімелесу, дастархан басында әдептілік пен тазалық сақтап отырып ас ішуге баулу | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ойындар, дербес әрекет** | **Қ\о: «Сұр қоян жуынады»**<br>**Барысы:** ойынға қатысушылардың бәрі шеңбер жасап тұрады. Таңдалып алған қоян шеңбер ортасына тұрады. Балалар былай дейді:<br>**Бармақ боп тойға сұр көжек,**<br>**Жуынып жатыр бүкжеңдеп.**<br>**Тұмсығын жуды,**<br>**Құйрығын жуды,**<br>**Құлағын жуды-түртінді,**<br>**Құп-құрғақ боп сүртінді!**<br>тақпаққа сәйкес қимылдар жасайды. Одан кейін ол қос аяқтап кез келген бір баланың жанына жетіп барады. Кішкене қоян қайсысына барса, сол секектеп шеңбердің ортасына барады. Ойын 4-5 рет қайталанады.<br>**Нұсқаулар:**<br>шеңберде бір уақытта бірнеше 4-5 кішкене қоян бола алады. Олар ойын тапсырмасын бір мезгілде орындайды | Вариативтік компонент:<br>«Күзгі ағаш»<br>Табиғаттың күз мезгіліндегі өзгерістері жайлы бейнелеу арқылы балалардың білімдерін кеңейту. Балаларды дәстүрден тыс әдістер арқылы жұмыс жасай отырып, логикалық ойлау қабілетін дамыту. Күзгі табиғаттың әсемдігін сезіне білуге және оны қорғауға тәрбиелеу. Саусақтың көмегімен күзгі ағашты бейнелеуді үйрету.<br>«Пайдалы және зиянды» дидактикалық ойыны қоршаған ортаның денсаулыққа әсері туралы білімді жетілдіру | Вариативтік компонент:<br>«Жау, жау жаңбыр»<br>Балаларды «Пластилинография» техникасында сурет салуды үйрету. Жағу тәсілін қолдануды үйрету. Күз мезгілінің ерекшіліктерімен таныстыруды жалғастыру. Қол икемділігіе дамыту.<br>Д/о: «Бұл қай кезде болады?»<br>Жұмбақ жасыру<br>«Асхана» сюжетті рөлдік ойыны | **«Аспазшы» сюжетті-рөлдік ойынының технологиялық картасы**<br>**Мақсаты:** Азық-түлік өнеркісібінің қызметкерлерінің еңбегі туралы түсініктерін нақтылау. Балаларға рөлдерді бөлуге және рөлдері бойынша әрекет етуге көмектесу, өз беттерімен қажетті құрылыстарды салуға үйрету, балалардың тілектестік-қарым қатынас дағдыларын қалыптастыру. Балаларды қоршаған орта туралы алған білімдерін ойын барысында кеңінен қолдануға ықпал ету. | **Дидактикалық ойын «Не жоқ?»**<br>Мақсаты: балалардың есте сақтау қабілетін дамыту, ойыншық атауларын дұрыс атауға үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс** | Ән үйрету: «Алтын күз» әні ,сөзі Б.Бейсенова (Есенгельдин Нұртөре) | Түзу сызықпен алдымен қысқа содан соң ұзын жолақтарды қиюды үйрету. (Амангелді Бексұлтан) | Кескіштің көмегімен жасалған бұйымды безендіруге үйрету. (Қадірбаева Малика) | Дөңгелек пішінді заттарды салуға үйрету. (Төлегенова Айша) | Жемістердің суретін салуға үйрету. (Михайленко Иван) |
| **Серуенге дайындық** | Киіну: серуенге шығу. | | | | |
| **Серуен** | Картотека №16 | Картотека №17 | Картотека №18 | Картотека №19 | Картотека №20 |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата-аналармен балалардың жағдайы, көңіл күйі туралы әңгімелесу | Ата-аналарға кеңес: «Баланы күзде қалай киіндіру керек?» | Ата-аналарға кеңес: «Суық тию ауруларының алдыналу» | Ата-аналарға кеңес: «Баланың үйдегі күн тәртібін ұйымдастыру» | Денсаулық дегенімізді қалай түсінесіз?» тақырыбында ата-аналармен әңгімелесу |